

Маңғыстау облысы бойынша жер үсті көздеріндігі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2010 жылға арналған төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Маңғыстау облысы маслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 26/302 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 25 тамызда № 2078 тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 - бабы 5 - тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Маңғыстау облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2010 жылға арналған төлемақы ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ.Келжанов

О б л ы с т ы қ

мәслихат хатшысы

Б.Шелпеков

« К Е Л І С І Л Д І »

Маңғыстау облысы бойынша
Салық департаментінің бастығы
Қ . Б а к е н о в

23 шілде 2010 ж.

« К Е Л І С І Л Д І »

Облыстық табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу
басқармасының бастығы
Ж . А л б ы т о в

23 шілде 2010 ж.

О б л ы с т ы қ

мәслихаттың

2010

ж ы л ғ ы

23

шілдедегі

№ 26/302 шешіміне қосымша

**Маңғыстау облысы бойынша жер үсті
көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны
үшін 2010 жылға арналған төлемақы ставкалары**

пайдаланудың түрі							
Теңіз бассейні	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызмет-тер (теңге/1000 тек.м)	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде (теңге/1000 тек.м)	Ауыл шаруашылығы (теңге/1000 тек.м)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары (теңге/1000 тек.м)	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар (теңге/тонна)	Су энергетикасы (теңге/1000 кВт.сағ)	Су көлігі (теңге/1000 тек.м)
Каспий теңізі бойынша базалық ставка	72	206	58	56	146	-	7
2009 жылғы инфляция коэффициенті	1,062	1,062	1,062	1,062	1,062	-	1,062
Төмендету коэффициенті	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	-	0,6
2010 жылғы ставка	45,87	131,26	36,95	35,68	93,03	-	4,46

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК